

«Бекітемін»
Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы



С. Дауешова

«10» 20 2024 ж.

«САЛАУАТТЫ ТАМАҚТАНУ МЕКТЕБІ»
БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА
«ДЕНІ САУ ЖӘНЕ БАҚЫТТЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕЙМІЗ» ОНЛАЙН
ОТБАСЫЛЫҚ ФОТОСУРЕТ БАЙҚАУЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
2024-2025

Астана, 2024

Ұйымдастырушылар:
«Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Алматы қаласының Білім басқармасы
1. Жалпы ережелері
«Дені сау және бақытты ұрпақ тәрбиелейміз» отбасылық фотосурет онлайн байқауы туралы осы ереже (бұдан әрі-Байқау) Ереже байқаудың ұйымдастыруы мен өткізудің мақсаттары мен міндеттерін, тәртібін айқындайды, ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптарды, оларды бағалау өлшемшарттарын; жеңімпаздарды айқындау және марапаттау тәртібін белгілейді.
2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері
Мақсаты: отбасылық фотосуреттер арқылы «Салауатты тамақтану мектебі» бағдарламасына қатысушы білім алушылардың отбасыларында денсаулық мәдениетін қалыптастыру. Міндеттері: <ul style="list-style-type: none"> • отбасылық фотосуреттер арқылы білім алушыларды салауатты өмір салтын ұстануға, өз елінің, сондай-ақ басқа елдердің аспаздық дәстүрлерін зерттеуге дағдыландыру; • отбасылық фотосуреттер арқылы білім алушылар мен ата-аналарды бірлесіп қарым-қатынас жасауға жағдай жасау және ынталандыру.
3. Байқау шарттары
Байқау 4 кезең бойынша өткізіледі.
3.1. Байқауды өткізу мерзімі – 21.10.2024 – 25.06.2025 жж., қорытындылауды және нәтижелерді жариялауды қоса алғанда.
3.2. Байқауға қатысушылар Байқауға «Салауатты тамақтану мектебі» бағдарламасына қатысатын қала мектептерінің 1-4 сынып оқушылары қатысады.
3.3. Байқау жұмыстары Байқауға қатысушылардың отбасыларында нақты кезеңнің тақырыбына сәйкес келетін салауатты өмір салты ережелері қалай сақталатынын баяндайтын фотосуреттер қабылданады (бұдан әрі – «Жұмыс»).
3.4. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар Байқау жұмыстары Ережеде көрсетілген талаптарға толық сәйкес келуі тиіс. Байқауға қатысу үшін келесі материалдар қабылданбайды: <ul style="list-style-type: none"> • Көлемі 1 (бір) Мегабайттан асатын; • бұрын ұсынылған немесе біреудің авторлық жұмыстары болып табылатын; • тауар белгісінің, өнімдердің және/немесе «Nestle» брендінің немесе кейбір басқа компаниялардың басқа да атауларының логотипінің бейнесі бар. <p>Байқауға қатыса отырып, мектептің білімалушылары, педагогтер, сондай-ақ қатысушылардың заңды өкілдері-ата-аналар өздері ұсынған жұмыстардың қайтарылмайтындығына және оларды байқау ұйымдастырушылары арнайы педагогикалық баспасөзде, Интернет желісінде орналастыру үшін, ашық іс-шараларда көрсету, демонстрациялық материалдарға енгізу үшін пайдалана алады, «Салауатты тамақтану мектебі» бағдарламасына арналған және басқа көздерде қосымша келісімсіз пайдалана алады.</p> <p>Қатысушылар жіберген жұмыстардың басқа жерде жарияланбағанына кепілдік береді.</p>
4. Байқауды өткізу тәртібі

4.1. Байқау 4 кезең бойынша өткізіледі.

4.2. Байқауға қатысушылар көрсетілген мерзімде фотосуреттерді орналастырады.

Әрбір қатысушы әр кезеңде 1 фотосуреттен артық және байқаудың барлық кезеңдері бойынша 4 фотосуреттен артық орналастыра алмайды.

4.3. Барлық орналастырылатын фотосуреттер модерация рәсімінен өтеді (жұмыстың конкурстың тиісті кезеңінің тақырыбына, осы ережеге және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігіне тексеру жүргізеді). Модерация ұйымдастырушы тарапынан жүргізіледі. Тексеру (модерация) кезінде ұйымдастырушы жұмыстарды техникалық түзетуге, яғни, байқаудың сайтында техникалық талаптарына және стилистикасына сәйкестендіру мақсатында берілген түстерді өзгертуге құқылы. Байқауға қатысушылар жұмыстарды жібере отырып, аталған өзгертуге өз келісімдерін береді.

4.4. Әр кезеңде көрермендер дауыс береді. Кезең жеңімпаздары және байқаудың жалпы жеңімпазы сайт пайдаланушыларының лайк саны бойынша анықталады.

5. Кезеңдердің мазмұны және өткізу мерзімдері

5.1. Кезеңдерді өткізу мерзімі **21.10.2024-25.05.2025 жж.**

1 кезең 21.10.24 ж. бастап «Анам, әкем, мен аспаздық отбасымын» тақырыбында өтеді. Осы кезеңде

көрермендердің дауыс беруін қорытындылау мерзімі - 01.12.24 ж.;

2 кезең 01.12.24 ж. бастап «Қысқы ертегі» тақырыбында өтеді. Осы кезеңде көрермендердің дауыс беруін қорытындылау мерзімі - 01.02.2025 ж.;

3 кезең 01.02.25 ж. бастап «Менің отбасымның спорттық хоббиі» тақырыбында өтеді. Осы кезеңде көрермендер дауыс беруінің қорытындылау мерзімі - 01.04.2025 ж.;

4 кезең 01.04.2025 ж. бастап «Табиғатқа қамқорлықпен қарау» тақырыбында өтеді. Осы кезеңде көрермендердің дауыс беруін қорытындылау мерзімі - 25.05.2025 ж.

5.2. Байқаудың жалпы қорытындысын шығару - 25.06.2025 ж.

6. Қатысушыларды марапатту

- Көрермендердің дауыс беру нәтижесінде көп дауыс жинаған қатысушылар бағалы сыйлықтармен марапатталады. Әр кезеңде 3 жеңімпаз анықталады.

- Байқаудың барлық кезеңінде ең көп дауыс жинаған қатысушылар бағалы сыйлықтармен марапатталады. Барлығы 5 жеңімпаз анықталады.

Егер қатысушылардың жұмыстары тең ең дауыс санын жинаған жағдайда, осы тармақта көрсетілген байқау жүлдесін алушы уақыты бойынша бірінші болып дауыс санын жинаған қатысушы танылады.

7. Қорытындылау

7.1. Қатысушы осы Ереженің барлық бөлімдерімен толық келісімін және бұл туралы ұйымдастырушы әрбір қатысушыны жазбаша хабардар етпей, осы Ережеге біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге құқылы екендігімен келісімін растайды.